

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру, гранттарын тапсыру және Алғысын жариялау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № 428 Өкімі

1. Елдегі экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңғыртуды ақпараттық қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат құралдарының зор рөлін ескере отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру және гранттарын тапсыру жөніндегі қоғамдық комиссияның ұ с ы н ы м д а р ы н қ а р а й к е л і п :

Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлықтары мыналарға берілсін:

Сергей Борисович Брилевке — "Россия" телеарнасының "Вести недели" қорытынды бағдарламасының жүргізушісі, республиканың экономикалық дамуы, Қазақстанның интеграциялық бастамалары туралы телевизиялық хабарлары мен репортаждар т о п т а м а с ы ү ш і н ;

Айгүл Қадырбекқызы Ишмұхамедоваға — "СТВ" телекомпаниясының бас директоры, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, Астананың жаңа тарихы туралы деректі фильмдер сериясы ү ш і н ;

Рашид Мұратұлы Сүлейменовке — "Көркем фильм" киностудиясының режиссері, Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттарына, республиканың халықаралық аренадағы беделінің артуына арналған деректі фильмдер сериясы ү ш і н ;

Қазақстан Республикасы Президентінің гранттары мыналарға тапсырылсын:

Сұңғатолла Файзолдаұлы Әліпбаевқа — "Егемен Қазақстан" газетінің шолушысы, әлеуметтік проблемалар жөніндегі талдау мақалалар топтамасы ү ш і н ;

Мира Мырзағалиқызы Берікболоваға — "Айқын" газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі, өңірдегі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы мен инвестициялық жобалардың іске асырылуы туралы мақалалар т о п т а м а с ы ү ш і н ;

Артур Станиславович Платоновқа — "КТК" телеарнасының меншікті хабарларын тарату директоры, экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңаруларды белсенді ж а р и я л а ғ а н ы ү ш і н ;

"Қостанайские новости" газетінің шығармашылық ұжымына — қоғамдағы ұлтаралық және конфессияаралық келісім мәселелерін жан-жақты көрсеткені үшін;

мыналарға Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы жариялансын:

Акчай Салихқа — "Диалог Евразии" халықаралық журналының жетекші шолушысы, сыртқы саясат проблемалары жөніндегі мақалалар топтамасы ү ш і н ;

Кенжеболат Махмұтұлы Жолдыбайға — "Қазақпарат" ақпараттық агенттігінің

жетекші шолушысы, Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму мәселелеріне арналған республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалар топтамасы үшін;

Владимир Геннадьевич Курятовке — "Казахстанская правда" газетінің тілшісі, елдегі әлеуметтік-саяси жаңғырудың өзекті мәселелерін көрсетуге бағытталған мақалалар топтамасы үшін;

Қазақ радиосының "Мен қазақтың" бағдарламасының шығармашылық ұжымына — отандық радиожурналистиканы дамытуға, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, мемлекеттік тіл мен ұлттық мәдениетті дамытуға қосқан үлесі үшін;

"Хабар-жер" телевизиялық бағдарламасының шығармашылық ұжымына — экономиканың аграрлық секторын дамыту мәселелерін жан-жақты көрсеткені үшін.

2. Осы өкім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев